

**Қазақстан Республикасының "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 желтоқсан 1992 ж. N 1057. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.04. N 205 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен басқа да облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды экологиялық апат аймағы бойынша 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар бойынша 1993 жылғы 1 шілдеге дейін тіркеуді аяқтасын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімшіліктері экологиялық қасірет аймағында тұратын халықты әлеуметтік қолдау мақсатында экологиялық апат аймағы үшін 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап және экологиялық дағдарыс пен экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар үшін 1993 жылғы 1 ш і л д е д е н б а с т а п :

- экологиялық апат аймағы бойынша - 1,5;
- экологиялық дағдарыс аймағы бойынша - 1,3;
- экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ бойынша - 1,2

коэффициентті қолдана отырып, еңбекке ақы, зейнетақы, стипендия және ж ә р д е м а қ ы т ө л е у д і ;

жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс (еңбектің зиянды жағдайында жұмыс істегені үшін берілетін демалыстың үстіне);

- экологиялық апат аймағы бойынша - 12 күнтізбелік күн;
- экологиялық дағдарыс аймағы бойынша - 9 күнтізбелік күн;
- экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ бойынша - 7 кү н т і з б е л і к к ү н б е р у д і ;

еңбек демалысын берумен бірге жыл сайын сауықтыруға арнап қолданылып жүрген төлемдердің үстіне бір айлық тариф нарқы немесе қызметтік айлықақы көлемінде материалдық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау

министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері экологиялық апат аймағында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарысқа жақындаған аймақтарда тұратындарға 1993 жылғы 1 шілдеден бастап :

қалалық жолаушылар көлігінің барлық түрлерінде (таксиден басқасы) және тұрғылықты жері бойынша әкімшілік ауданы шегінде ауылдық жердегі жалпы пайдаланылатын автомобиль көлігінде тегін жүруді;

дәрі-дәрмекті (дәрігерлер рецептері бойынша) тегін беруді, тіс протездерін ( асыл металдардан жасалған протездерден басқаларын) тегін дайындатып, ж ө н д е т у д і ;

медициналық көрсеткіштер бойынша жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша санаторий-курорт жолдамаларын жыл сайын кезектен тыс тегін беруді;

қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде орындармен қамтамасыз етуде артықшылық беруді;

экологиялық қасірет себебінен мүгедек болған адамдарға және асыраушысынан айырылған отбасыларына шеккен зияны үшін мынадай м ө л ш е р д е :

- I топтағы мүгедектерге - екі жылдық есептік көрсеткішінің ең аз мөлшерінде ; < \* >

- II топтағы мүгедектерге - бір жарым жылдық есептік көрсеткішінің ең аз м ө л ш е р і н д е ; < \* >

- III топтағы мүгедектерге - бір жылдық есептік көрсеткішінің ең аз м ө л ш е р і н д е ; < \* >

- асыраушысынан айырылған отбасыларына екі жылдық есептік көрсеткішінің ең аз мөлшерінде бір жылғы өтем беруді;<\*>  
жыл сайын мынадай мөлшерде:

- I және II топтағы мүгедектерге - есептік көрсеткішінің үш есе мөлшерінде;<\*>

- III топтағы мүгедектерге - есептік көрсеткішінің екі есе мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы беруді қамтамасыз етсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Көлік министрлігі, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері экологиялық апат аймағында тұратын әйелдерге 1993 жылғы

1 қаңтардан бастап, ал экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтарда тұратындарға 1993 жылғы 1 шілдеден бастап :

босанғанға дейінгі демалысын экологиялық қасірет аймағынан тыс жердегі мамандандырылған мекемелерде өткізуін;

бала туғанда есептік көрсеткішінің төрт есе мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы берілуін; < \* >

диспансерлік есепте тұрған балаларға алатын азық-түлік құнының 50 проценті мөлшерінде өтем төленуін;

емдеу және санаторий үлгісінде мамандандырылған балалар мекемелерінде және басқа да сауықтыру мекемелерінде балаларын (медициналық көрсеткіштер бойынша) жыл сайын тегін сауықтыруын;

медицина мекемесінің жолдамасы бойынша республика аумағы шегінде сырқат баламен бірге емделуін (соның ішінде санаторий-курортта емделуге) тегін жүруін қамтамасыз етсін, ал баланың анасы бара алмайтын жағдайда бұл ереже баланы алып баратын адамға қолданылады.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.**

**№ 987 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек министрлігі, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап:

экологиялық апат салдарынан зардап шеккен адамдарға:

- құнының 30 проценті кемітілген дәрі-дәрмек (дәрігерлер рецептері бойынша) сатуы, тіс протездерін (асыл металдардан жасалған протездерден басқаларын) дайындауы, жөндетуді;

- жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша (медициналық көрсеткіштері бойынша) санаторий-курорт жолдамаларын жыл сайын бірінші кезекте беруді;

- тұратын үйін меншігіне тегін беруді;

- жылуды, су құбырларын, газды, электр қуатын пайдаланғаны үшін белгіленген ақыны 50 процент мөлшерінде кемітіп, ал орталық жылыту жүйесі жоқ үйлерде тұратындарға халыққа сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын құнын 50 процент мөлшерінде;

- жеке немесе кооперативтік тұрғын үй салуға 50 проценті өтелетін процентсіз қарыз қамтамасыз етсін.

1993 жылғы 1 шілдеден бастап:

экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккен адамдарға: құнының 30 проценті кемітіліп дәрі-дәрмекті (дәрігердің рецептері бойынша)

сатуды, тіс протездерін (асыл металдардан жасалған протездерден басқаларын) ж а с а у д ы ;

жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша (медициналық көрсеткіштер бойынша) санаторий-курорт жолдамаларын жыл сайын беруді;

тұратын үйін меншігіне тегін беруді;

жылуды, су құбырларын, газды, электр қуатын пайдаланғаны үшін белгіленген ақыны 25 процент мөлшерінде кемітіп, ал орталық жылу жүйесі жоқ үйлерде тұратындарға халыққа сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын құны 25 процент мөлшерінде кемітіп төленуін;

жеке (кооперативтік) тұрғын үй салуға 50 проценті өтелетін процентсіз қарыз беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ақтөбе, Жезказған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап экологиялық апат аймағында медициналық мекемелерді ұстауға қаржы бөлу нормаларын бір тұрғынға шаққанда 1,5 есе, ал 1993 жылғы 1 шілдеден бастап экологиялық дағдарыс аймағында - 1,3 есе және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақта - 1,15 есе ұлғайтуды, медицина техникасын, дәрі-дәрмекті нысаналы бөлуді, аймақ халқын жыл сайын кешенді түрде медициналық тексеруден өткізіп отыруды, тиісті денсаулық сақтау органдарының жолдамаларымен республиканың клиникаларында, медицина орталықтарында және басқа медицина мекемелерінде медициналық-санитарлық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетілуін қамтамасыз етсін.

7. Облыстардың және Ленинск қаласының әкімдері мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп экологиялық апат салдарынан зардап шеккен және 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап осы аймақтан кетіп қалған а д а м д а р ғ а :

жаңадан қоныстанған жерде өздерінің кәсібі мен біліктілігіне сәйкес бірінші кезекте жұмысқа орналасуға немесе ондай жұмыс жоқ болған жағдайда өз тілектері ескеріле отырып басқа жұмыс немесе жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) оқып-үйрену мүмкіндігін беріп, оқыту кезеңінде белгіленген тәртіппен ж а л а қ ы с ы н с а қ т а у д ы ;

айырылған қозғалмайтын мүлкі үшін ақшалай өтем беруді, жаңа тұрғылықты жерге көшуге байланысты шығындардың орнын толтыруды;

жер учаскелерін және жеке (кооперативтік) тұрғын үй салуға 50 проценті өтелетін процентсіз қарызды бірінші кезекте беруді қамтамасыз етсін.

8. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі экологиялық қасірет салдарынан болған I және II топтардағы мүгедектерге 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа тұрғылықты жері

бойынша, облыс орталықтары мен Алматы қаласын қоспағанда, бірінші кезекте тұрғын үй беруді қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары және облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері экологиялық қасірет аймағына ерікті түрде жалдану бойынша жұмысқа жіберілген немесе көшкен адамдарға :

бұрынғы тұрғылықты жеріндегі тұрғын алаңын экологиялық қасірет аймағында болу кезеңінде броньдауды;

маманның бір жылдық лауазымдық айлық ақысы мөлшеріндегі бір жолғы жәрдемақы беруді ;

экологиялық қасірет аймағында кемінде бес жыл жұмыс істеген, тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мамандардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша бірінші кезекте пәтер бөлуді қамтамасыз етсін.

10. Облыстардың және Ленинск қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп экологиялық қасірет аймағындағы жұмыссыздарға 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдерді:

қаржы мен материалдық қаражаттарды жаңа жұмыс орындарын құруға, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және материалдық-техникалық ресурстарды сатып алуға басым бағыттауды;

экологиялық апат аймағынан республиканың басқа аймақтарына көшіп кеткен адамдарға жұмысқа орналасу үшін жағдай жасауды;

жұмыстан босаған қызметкерлерге олардың соңғы жұмыс орнындағы негізгі жалақысының кем дегенде 75 проценті, бірақ экологиялық қасірет аймағында қалыптасқан орташа жалақыдан аспайтын және Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген төменгі күнкөрістен аз болмайтын жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етсін.

11. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Қазастықөнімі" концерні, "Қазтамақ-өнеркәсібі" мемлекеттік-кооперативтік бірлестігі; "Қазтекланд", ғылыми-өндіріс кәсіпорны, "Арал аймағы" аймақаралық сыртқы экономикалық ассоциациясы, "Казфранком" компаниясы экологиялық жағынан таза ауыл шаруашылық және тамақ өнімдерін өндіріп, оларды Арал аумағына жөнелтуді қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп және Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері Арал өңірінің проблемаларын шешу үшін қажетті ділгір мамандықтардың (кәсіптердің) тізбесін 1993 жылғы 1 ақпанға дейін анықтасын.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп Арал өңірінің Қазақстан бөлігіндегі экологиялық жағынан қолайсыз аумақтарда тұратын жастарға арналып бөлінген орындарға бәсекесіз түсу үшін жоғары оқу орындарының студенттері мен орта арнаулы оқу орындарының оқушылары контингентін қалыптастырудың және Арал өңіріндегі проблемаларды шешуге қажетті өте ділгір мамандықтарға оқуға түсетіндердің үлесін 1993 жылғы 1 сәуірге дейін анықтасын.

Қазақстан Республикасының өз қарамағында оқу орындары бар министрліктері мен ведомстволары:

- Арал өңіріндегі жергілікті әкімшіліктердің өтінімдеріне сәйкес адамдарды кәсіптік оқыту курстарында даярлауды ұйымдастырсын;

- Арал өңірінің Қазақстан бөлігіндегі экологиялық жағынан қолайсыз аумақтарда тұрғылықты тұратын жастар арасынан оқуға және курстарға түсушілерді оқу кезеңінде міндетті түрде жатақханамен қамтамасыз етіп, медициналық жағынан тексерсін және қызмет көрсетсін, жыл сайын сауықтыру шараларымен қамтып отырсын.

Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Ленинск қаласының әкімдері:

- жоғары және орта арнаулы оқу орындары бөлген орындарға абитуриенттерді квотаға сәйкес іріктеп алып, жіберуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ кәсіптік оқыту курстарына жіберілетін адамдардың санын анықтасын;

- 1992 -1995 жылдары қазіргі уақытта жұмыс істейтін кәсіптік-техникалық училищелердің оқу-материалдық базасын нығайту және оларды Арал өңірінің проблемаларын шешу үшін қажетті аса ділгір кәсіптерге жастарды оқытып-үйрету мақсатында тиісті кәсіптерге бейімдеу жөнінен шаралар қолдансын.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылға арналған бюджетті және жыл сайынғы бюджеттерді жасаған кезде "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңда белгіленген шараларды қаржыландыру үшін Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарына қажетті қаражаттарды көздесін.

Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері осы мақсаттарға бюджеттерді, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржыларын, ерікті жарналарды, қайырымдылық жәрдемін пайдалануды қарастырсын.

14. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек министрлігі, Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекетаралық келісімдердің жобаларын

әзірлеген кезде Заңда көзделген жеңілдіктердің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын және Арал өңірінің Қазақстан бөлігіндегі экологиялық апат немесе экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккен азаматтарға қолданылуын ескерсін.

15. Қазақстан Республикасының Экология және биологиялық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасымен, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясымен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, жергілікті әкімдермен және басқа да құзыретті мекемелер мен ұйымдардың басшыларымен бірлесіп 1993 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде экологиялық қасірет аймақтарының (экологиялық апат, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар шеңберінде) шекараларын өзгерту тәртібі туралы ереженің жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге енгізісін.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек министрлігі, Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусын өзгерту туралы ереженің жобасын, сондай-ақ азаматтардың бекітілген статусына сәйкес халыққа оның денсаулығына тигізген зияны үшін өтемақылар төлеу мен жеңілдіктер беруді белгілеу (тоқтау) тәртібін 1993 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

16. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы Әділет министрлігімен, Экология және биологиялық ресурстар министрлігімен, Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп және Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Ленинск қаласының әкімдері "Экологиялық қасірет аймақтарында аумақтық құқықтық режимі, шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық және экономикалық талаптар туралы" Заңның жобасын бір ай мерзімде әзірлеп, оны белгіленген тәртіп бойынша табыс етсін.

17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келетін нормативтік актілерді бір айлық мерзімде қайта қарап, олардың күшін жоюды қамтамасыз етсін.

18. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Еңбек министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биологиялық ресурстар министрлігі, жергілікті әкімдер және басқа да мүдделі министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдар осы қаулының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және оның орындалу барысы

туралы 1993 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баяндасын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК